

2016 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау және нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізімін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 423 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 желтоқсанда N 3523 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 мамырдағы N 166 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 11.05.2016 N 166 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында тұратын нысаналы топтар анықталсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма тоғыз жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- 10) оралмандар;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын

бітірушілер;

12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) қылмыстық - атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;

14) лаңкестік актінен жәбірленген адамдар және оған жол бермеуге қатысқан адамдарға.

2. 2016 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

1) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;

2) елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;

3) отбасылардың бірде-біреуі жұмыс істемейтін тұлғалар;

4) он екі ай және одан да артығырақ жұмыс істемеген тұлғалар.

5) техникалық және кәсіби білім беру оқу орындарын бітіріп, оқу орнын аяқтағаннан соң он екі айдың ішінде жұмыспен қамтамасыз етілмеген тұлғалар;

6) өзін-өзі қамтыған тұлғалар.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің орынбасары М.Т. Науановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы 2016 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданының әкімі*

А. Тастеміров